

Жаңақала аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 15-4 " Жаңақала ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2018 жылғы 17 шілдедегі № 24-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 тамызда № 5318 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 наурыздағы № 44-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 03.03.2020 № 44-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Жаңақала аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңақала аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 15-4 " Жаңақала ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3415 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылы 3 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жаңақала ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасында:

8-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

3-қосымшадағы бірінші баған мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері – 300 000".

2. Жаңақала аудандық мәслихат аппаратының басшысы (С.Успанова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Қ.Ешимов
З.Сисенғали*

" К Е Л І С І Л Д І "

Б а т ы с
ә к і м і н і ң

Қ а з а қ с т а н

о б л ы с ы
о р ы н б а с а р ы

Б.Қонысбаева _____

2018 жылғы 20 шілде